

Мектеп директоры К. Алтасва



«Жыланбұзған» жалпы білім беретін мектеп» КММ

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша

4 «Б» сынып жетекшісінің 2025-2026 оқу жылына арналған

сынып сағаттарының күнтізбелік тақырыптық жоспары

Сынып жетекшісі Турдалиева Умида

«АДАЛ АЗАМАТ БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ»

Жоспарға негіздеме: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің
2025 жылғы 26 мамырдағы № 123 бұйрығы.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштіған ұғым арқылы сипаттады.

Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл баршаға және әрбір адамға бірдей мүмкіндік беретін қоғамды қалыптастыратын адал азаматтар табанды еңбегімен еліміздің дамуына өз үлес қосқанда ғана мүмкін болады.

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Озық дамыған мемлекет құру үшін азаматтарымыз жанаша ойлай білуге және жасампаздыққа ұмтылуы қажет. Осыған орай жастарды тәрбиелеу «Адал азамат» идеясымен үндеседі. Бұл балалар мен жастардың бойында әділдік пен жауапкершілік, еңбекқорлық пен кәсіби біліктілік, жасампаздық пен жанашылдық құндылықтарын дарыту арқылы адал еңбек пен қоғам игілігін алдынгы орынға қоятын, адал, әділетті азаматтарды тәрбиелеуге бағыт береді.

Ал, «Әділетті Қазақстан» идеясы әрбір азаматқа өзін-өзі жүзеге асыруға және табысқа жетуге бірдей мүмкіндік беретін қоғам құру мақсатын көздейді. Бұл мақсатқа жету үшін балалар мен жастардың бойында тәуелсіздік пен отаншылдық, бірлік пен ынтымақ, заң мен тәртіп құндылықтарын дамытуды қажет етеді.

«Озық ойлы ұлт» идеясы балалар мен жастардың бойында білімге құштарлық, шығармашылық және инновациялық ойлау, кәсіби даму, бірлік пен ынтымақ құндылықтарын дамыту арқылы өзгерістерге бейімделіп, инновациялық технологияларды ұтымды қолданатын ұлтты қалыптастыруға бағытталады.

Демек, кәзіргі әлемнің сын-тегеуріндеріне дайын азаматтардың жана буынын тәрбиелеу «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» үштағанымен сабақтасады. Бұл әрбір азамат өзінің маңыздылығын, жауапкершілігін және ортақ іске қосқан үлесін сезінетін әділетті, дамыған және инновациялық қоғам құруға мүмкіндік береді.

Аталған идеялар мен құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының (бұдан әрі – Бағдарлама) негізіне айналады. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын:

- тәуелсіздік және отаншылдық
- бірлік және ынтымақ
- әділдік және жауапкершілік
- заң және тәртіп
- еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- жасампаздық және жанашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАҚСАТЫ:

Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

БАҒДАРЛАМАНЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- Адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- Табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- Елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- Отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

- Әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- Басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

- Өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- Еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- Біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- Әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралу мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
- Білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- Отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

БАҒДАРЛАМА МАЗМҰНЫ:

- Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.

- Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
- Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
- Қантар – заң және тәртіп айы;
- Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
- Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
- Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
- Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

КҮНДЕЛІКТІ:

- «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

- «Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

- «Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

- «Күй күмбірі» – қоныраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

- апта сайын:

- «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

- Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

- «Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлық және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

- Апта сайын сынып сағаттарын өткізу шеңберінде білім алушылардың қауіпсіз мінез-құлық мәдениетін және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс іске асырылады. Сынып сағаттарының мазмұнына келесі алдын алу шаралары біріктіріледі:

- Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам;

- Буллингтен қорған!

- Ойынға салауатты көзқарас;

- Өмірге салауатты қадам;

- Қоғамдық мүлікті қорға!

- Қауіпсіз қоғам.

- «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» алдын алу шарасы сынып сағаттарында ақпараттық қауіпсіздік, кибермәдениет, кибергигиена, медиа сауаттылықты дамыту тиісті мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлесіп пікірталастар, кездесулер өткізу ұсынылады.

- Сынып сағаттарында «Буллингтен қорған!» алдын алу шарасын ұйымдастыру ұсынылады. Бұл білім алушылардың басқалармен қарым-қатынас жасау, өз эмоцияларын басқару және қақтығыстық жағдайларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталған тренингтер мен кейс-сессияларын мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізу ұсынылады.

- «Ойынға салауатты көзқарас» – лудоманияның алдын-алуға бағытталады. Лудомания туралы бейнероликтер қарауға, ойынға құмарлық, онлайн ойындарға ақша тігу т.б. зияны туралы топтық талқылаулар ұйымдастыруға және салауатты әдеттерді, баламалы қызығушылықтар мен хоббиді дамытуға бағытталған сынып сағаттарын, мектепшілік шеберлік сыныптарын өткізуді қамтиды.

- «Өмірге салауатты қадам» алдын-алу іс-шаралары шеңберінде синтетикалық есірткінің (Интернет-ресурстар арқылы) таралуының алдын алу және жасөспірімдер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша сынып сағаттарында олардың зияны мен денсаулыққа теріс әсері туралы деректі фильмдер көру,

сыныптарда есірткіге қарсы плакаттар, бейнероликтер және т.б. әзірлеу, дұрыс тамақтану және салауатты өмір салты мәселелерін талқылау бойынша іс-шаралар өткізу ұсынылады.

- «Қоғамдық мүлікті қорға!» сынып сағаттарында вандализмге қарсы плакаттар, граффити немесе иллюстрациялар әзірлеу және/немесе қоғамдық мүлікті қиратудың, мәдени ескерткіштерді қиратудың зияны туралы топтық талқылауларды мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп өткізуді қамтиды.

- «Қауіпсіз қоғам» Қылмыстық кодекстің зорлық-зомбылыққа, есірткі заттарын таратуға және т.б. құқықбұзушылық актілеріне байланысты негізгі нормаларды түсіндіру және адам бас бостандығынан айыру, заң бұзушылық жағдайлары, оның ішінде көмекке толмағандар арасындағы қылмыстық істер туралы бейнероликтер қарау мүдделі мемлекеттік орган мамандарымен бірлескен шаралар өткізуді қамтиды.

- Қауіпсіз мінез-құлық және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру, буллинг, лудомания, вандализм, нашакорлықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде сынып сағаттарын ұйымдастыру жоспарына сәйкес жүргізу ұсынылады (Бұйрыққа 2-қосымша).

- Білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамыту мақсатында сыныптан тыс жұмыстар шеңберінде келесі әлеуметтік жобалар ұсынылады:

- «Қамқор» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру арқылы түйінді құндылықтарды дамыту қарастырылады. Жоба шеңберінде білім алушыларды «Қоғамға қызмет ету» волонтерлікке ата-аналар қауымдастығы және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп қарттарға көмек көрсету, жануарларға қамқорлық жасау, табиғат элементтерінен қайта өңделген материалдарды пайдалана отырып құстарға ұя жасау т.б. ұсынылады.

- Сонымен қатар жобаны іске асыру «Жер сағаты» экологиялық акциясын, «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджін, «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» акциясын өткізуді қамтиды. «Жер сағаты» экологиялық акциясы климаттың өзгеруі мен ресурстарды үнемдеудің жаһандық мәселелеріне назар аударуға бағытталған бастама болып табылады. Акцияның негізгі элементі – жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіру, бұл энергияны ұқыпты пайдалануға үндейді. Білім беру ұйымдары жыл бойы табиғи ресурстарды қорғаудың маңыздылығын көрсететін постер, жадынама әзірлеуге болады.

- «Түлектердің ағаш егуі» экочелленджі – бұл бүкіл республика бойынша мектеп түлектері арасында (9-шы және 11-сыныптар) мектеп аулаларында немесе көше бойында бір мезгілде ағаш отырғызуға үндейді. «Табиғатқа қамқорлық жасаймыз» – бұл мектеп жанындағы аумақты жинау немесе қоғамдық орындарды (саябақтар, скверлер) тазалау акциясы.

- «Еңбегі адал – жас өрен» – білім алушылардың түрлі мамандыққа деген қызығушылығын дамыту және еңбексүйгіштікке баулу арқылы еңбекқорлық және кәсіби біліктілік құндылығын қалыптастыруды көздейді. Жоба «Күзгі асар» жәрменкесін, «Мамандықтар әлемі» іс-шараларын, «Мамандықтар марафоны» байқауын, мектептің әлеуметтік желілеріне жазбалар жариялау арқылы жүзеге асырылады. «Күзгі асар» жәрменкесінде білім алушылар күзгі егіннің табиғи материалдары мен табиғаттың орман өнімдерін пайдалана отырып, ата-аналарымен бірлесіп жасаған қолөнерлерін ұсынады. «Мамандық әлемі» шарасын өткізу мамандықтармен

танысу үшін түрлі кәсіпорындарға немесе мекемелерге бару жоспарын әзірлеп, өмірдегі мамандықтармен танысады. «Мамандықтар марафоны» байқауы білім алушылардың шеберлігін көрсету арқылы (мысалы, ағаштан бұйым жасау) әртүрлі мамандықтарға бейімділігін және білім беру ұйымдарындағы жас шеберлерді, таланттарды анықтауға бағытталады (WorldSkills халықаралық байқауына дайындық). Конкурс сарапшыларына түрлі саладағы мамандықтардың үздік мамандарын тартуға болады. Мектептің әлеуметтік желілерінде білім алушылардың әртүрлі мамандық өкілдерімен сұхбат жүргізіп, оны мектептің әлеуметтік желілерінде жариялайды, үздік жазба нелерін анықталады.

- «Шабыт» – білім алушылардың шығармашылығын дамыту арқылы түйінді құндылықтарды насихаттауға бағытталған жоба. Жобаны жүзеге асыру барысында «Даналық ұстаздан» челленджін, «Ұлттық мәдениет» көрмесін, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалін, «Ананның аялы алақаны» челленджін, «Әншуақ» фестивалін, «Домбыра күні» көрме және концерт, мектеп театры жұмысын ұйымдастырылады.

- «Даналық ұстаздан» – мұғалімдер күні қарсаңында алғашқы мұғалімдеріне, сүйікті педагогтерге және құрметті тәлімгерлерге арналған челленджі өткізіледі. Қатысушылар бейне хабарлама, мақалалар, өлеңдер, әндер, суреттер және басқа да шығармашылық формалар арқылы алғыстарын білдіре алады.

- «Ұлттық мәдениет» көрмесі білім алушылардың ұлттық атрибуттарды (ағаштан, металдан, мағадан, киізден және басқа материалдардан жасалған бұйымдар) пайдалана отырып орындалған шығармашылық жұмыстарын ұсынады. Мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға аптасына бір рет мектепке ұлттық киіммен келуге немесе ұлттық мәдениетті дәріптеу үшін ұлттық атрибуттарды қолдануға болады.

- «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық әндер фестивалі саптық әндер конкурсын, әскери-патриоттық фестиваль, спорттық-далалық ойындарды өткізуді қамтиды. Білім беру ұйымдарына «Жас сарбаз» фестивалін өткізу кезінде қазақстандық авторлардың әндерін және Ұлттық әскери форманы пайдалану ұсынылады.

- «Ананның аялы алақаны» челленджінде білім алушылар бейнероликтер, мерекелік ашықхаттар және бейне құттықтаулар арқылы аналарына, әжелеріне және барлық аналарға алғыстарын білдіре алады.

- «Әншуақ» фестивалі #Әншуақ хэштегімен «TikTok» әлеуметтік желісінде өз әнін жаңды дауыста орындаудың бейнежазбасын жариялау арқылы білім алушыларды балалар әні фестиваліне қатысуға тарту.

- «Домбыра күні» – білім алушылардың, талантты музыканттар мен орындаушылардың қатысуымен түрлі ұлттық аспаптар көрмесімен сүйемелденетін концерт ұйымдастыру.

- Мектеп театрының жұмысын ұйымдастыруда әдеби шығармалар, тарихи оқиғалар мен атаулы күндер, сонымен қатар жағымсыз әдеттердің алдын алу (лудомания, нашакорлық, кибергигиена т.б.) бойынша сыныптар арасында байқаулар мен театрландырылған қойылымдар фестивалін өткізу ұсынылады.

- «Ұшқыр ой алаңы» – пікірталастар мен зияткерлік ойындар өткізу арқылы тақырыпты зерделеу және сөйлеу дағдыларын қалыптастыру негізінде түйінді құндылықтарды дамыту көзделеді. Білім беру ұйымдарына құндылықтарға, тарихи оқиғаларға, атаулы күндерге, адам құқығы мен заңдарды зерттеуге, жағымсыз әдеттердің алдын алуға (лудомания, нашакорлық, кибергигиена, торлық-зомбылық, буллинг және т.б.) байланысты

тақырыптық пікірталастар өткізу ұсынылады. Пікірталасқа ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін тартуға болады.

- Зияткерлік ойындарды тек мектеп пәндеріне ғана емес, сонымен қатар танымал тұлғаларға, атаулы күндерге, әлемдік және спорттық оқиғаларға байланысты зияткерлік ойындарды ұйымдастыруға және өткізуге ата-аналарды, танымал тұлғаларды, қоғам қайраткерлерін және т.б. тарту ұсынылады.

- «Smart bala» жобасы – инновациялық жобалар байқауы арқылы құндылықты дамытуды көздейді. Жоба шеңберінде «Startup» және «Өнертапқышқа алғашқы қадам» конкурстары өткізіледі. «Startup» байқауы кәсіпкерлік және инновация саласында білім алушылардың қызығушылығын оятуға және дағдыларын дамытуға бағытталған. Білім беру ұйымдарына TEDx форматында таныстырылымдар, инновациялық идеялардың тұсаукесерлерін өткізу ұсынылады.

- «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам» байқауында мектептің мүмкіндіктеріне қарай, жасанды интеллектті пайдалану арқылы командалық инновациялық жұмыстар байқауын өткізуге болады. Конкурсты ұйымдастыру барысында инновациялық объектілерге бару немесе аталған объектілер туралы материалдарды (EXPO, IT университеті, ғарыш айлағы және басқалар) онлайн-қарау ұсынылады.

- «Балалар кітапханасы» – оқу мен білімге деген қызығушылықты қалыптастыру. Жоба әдеби кеш, кітаптар жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауы, «Кітаптар айналымы» акциясы, «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджінен тұрады.

- Білім беру ұйымдарына әдеби кеш, кітап жәрмеңкесі, кітап кейіпкерлерінің байқауын өткізу кезінде балалар мен жастар арасында танымал заманауи авторлардың кітаптарын талқылауды ұйымдастыруға болады.

- «Кітаптар айналымы» акциясы шеңберінде кітапханада, мектеп буккроссингінде білім алушыға қажетті кітапты алып оқуы үшін үйден өзінің бір кітабын әкеліп ауыстырып алу мүмкіндігі болатын кітаптар сөресін құру ұсынылады.

- «Шын жүректен кітап сыйла!» челленджі «Досына кітап сыйла» челленджін ұйымдастыруды, жазбалары мен тілестері бар кітаптарға сыйлық мұқабаларын жасауды және т.б. қамтиды.

- Әлеуметтік жобаларды іске асыру «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде тәрбие жұмысынан жоспарына сәйкес өткізіледі (бұйрыққа 2-қосымша). Білім беру ұйымдары іс-шараларды өткізу уақытын, қатысушылардың санын, өтетін орнын дербес айқындайды. Әрбір іс-шараның мазмұнын әзірлеу кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру қажет.

**БАҒДАРЛАМАНЫ ІСКЕ АСЫРУ НӘТИЖЕСІНДЕ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАРЛЫҚ ДЕНГЕЙІНДЕГІ
ҰЙЫМ ТҮЛЕКТЕРІНІҢ БОЙЫНДА ҚҰНДЫЛЫҚТАР МЕН НЕГІЗГІ ҚҰЗЫРЕТТЕРІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУЫ КҮТІЛЕДІ:
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту

1-4 сынып:

- мемлекеттік тілді білу және құрметтеу;
- мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету және өз еліне сүйіспеншілік таныту;
- дәстүрлерді сақтау және құрметтеу;
- отбасының құндылығын түсіну;
- тарихи және мәдени мұраны зерттеуге қызығушылық таныту;
- қоршаған ортаға қамқорлық жасау.

ҚҰНДЫЛЫҚ: БІРЛІК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ

- Құзыреттілік: тиімді коммуникация

1-4 сынып:

- командада жұмыс істеу, бір-бірін тыңдау және ортақ мақсатқа жетуде бірлесіп әрекет ету;
- өз ісіне мұқият болу және басқаларға көмек көрсету;
- басқаларға құрмет көрсету және олардың ерекшелігіне төзімді болу;
- бірлескен жетістіктерге ұмтылу және ұжымдық күш жігерді ынталандыру;
- тапсырмаларды орындауда және мәселелерді шешуде бір-біріне көмектесу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК

- Құзыреттілік: қоғамға қызмет

1-4 сынып:

- шындықты айту;
- достыққа адал болу;
- жақсылық пен жамандықты, әділдік және әділетсіздікті ажырата білу;
- өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарау;
- заттар мен мүлікті ұқыпты ұстау.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

- Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық

1-4 сынып:

- өз құқықтары мен міндеттерін білу, әдеп нормаларын ұстану, сыныптағы және мектептегі мінез-құлық ережелерін сақтау;

қауіпсіздік ережелерін, оның ішінде жол қозғалысы ережелерін білу және сақтау;

- педагогтерге немесе ата-аналарға проблеманың алдын алу және шешу үшін шаралар қабылдауда көрген немесе білетін қауіптер туралы хабарлау;
- кемсітушілік пен қудалаудың кез-келген түрінен аулақ бола отырып, педагогтердің, сыныптастарының құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК

1-4 сынып:

- мамандықтың ерекшеліктерін білу және адамдардың еңбегін құрметтеу;
- өз-өзіне қызмет ету және өзін-өзі ұйымдастыру дағдыларын қолдану;
- отбасында және оқуда қажетті жұмыстарды жүйелі түрде тәртіпті және сапалы орындау;
- нәтижеге жету мақсатын белгілеу және оны іске асыруды жоспарлау, ұйымдастыру және оған қол жеткізуге ұмтылу;
- өз білімі мен дағдыларын дамыту үшін тыңғылықты жұмыс істеу.

ҚҰНДЫЛЫҚ: ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

- Құзыреттілік шығармашылық

1-4 сынып:

- қоршаған әлемді зерттеу, сұрақтар қою, эксперименттер жүргізу және алынған мәліметтер негізінде қорытынды жасай алу;
- жаңа идеяларды қалыптастыру, мәселелердің стандартты емес шешімдерін көру және олардың жүзінде қолдана алу;
- инновациялық идеяларды жүзеге асыруға ықпал ететін компьютермен жұмыс істеу негіздерін және басқа да технологиялық дағдыларды меңгеру;
- жаңа тәсілдер мен технологияларды қолдануды талап ететін балалар жобаларына қатысуға дайын болу;
- өз әрекеттерінің қоршаған әлем үшін маңыздылығы мен салдарын түсіну.

Сыныптың жүзеге асыратын әлеуметтік жобасы: «Шабыт»

Іс-шара	Мерзімі	Аяқталу нысаны
«Даналық ұстаздан»	Қазан	Челлендж
«Ұлттық мәдениет»	Наурыз	Көрме
«Жас сарбаз»	Мамыр	Іскери патриоттық ән фестивалі
«Мектеп театры»	Наурыз	Қойылым
«Ананың аялы алақаны»	Наурыз	Челлендж
«Әншуақ»	Мамыр	Фестивалі

Ата-ана жиналысы- бір тоқсанда 1 рет

Ұлдар жиналысы- бір айда 1 рет

Қыздар жиналысы- бір айда 1 рет

АПҚО сабағы- бір айда 1 рет

Әр тоқсанға SWOT талдау

1-4- сыныптардың жылдық жұмыс жоспары				
Қыркүйек – «Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік» айы				
1 қыркүйек – «Білім күні»				
5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні				
12 қыркүйек– Отбасы күні				
26 қыркүйек– Еңбек күні				
I тоқсан				
I-апта дәйексөзі: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына»(Мұрағар Әлімбаев)				
№	Тәрбие құндылықтары бойынша іс-шара тақырыптары	Аяқтау нысаны	Жауаптылар	Орындау мерімі
1.	I қыркүйек -Білім күні. «Менің Отаным - Қазақстан» <i>Қайыпсіздік сабағы (10 минут)</i> №1-САБАҚ: «Шұғыл қызмет немірлері» Ата-ана жиналысы АПҚО сабағы Ұлдар жиналысы Қыздар жиналысы	Сынып сағаты		02.09.2025ж.
2-апта дәйексөзі: «Жанұам – қорғаным, ата-анам – тірегім!»				
2.	«Көше күтпеген оқиғаға толы» ЖЖЕ №1/«Мен және менің отбасым» <i>(видеоролик жасау)Қайыпсіздік сабағы (10 минут)</i> №2-САБАҚ: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты видеоролик		08.09.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» (Абай)				
3.	«Біз әр тұлғым, бірақ теңбіз» жобасы бойынша «Менің бейімділігім болғаным қандай жақсы» <i>Қайыпсіздік сабағы (10 минут)</i> №3-САБАҚ «Күннің сөзі – сіздің отбасылық тірлігіңіз»	Сынып сағаты		15.09.2025ж.

4-апта дәйексөзі: «Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы».(Абай)				
4.	«Еңбек түбі береке» Қайыңсөздік сабағы (10 минут) № 4-САБАҚ «Көшеде қанғыбас итті кездестіру»	Сынып сағаты		22.09.2025ж.
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық 1 қазан – Халықаралық карттар күні 5 қазан – Мұғалімдер күні 24 қазан – Кітапханашылар күні 25 қазан – Республика күні				
1-апта дәйексөзі: «Ел-жұртымының бақыты аталатын, Сөзбесін мәңгі сенін, Отан, атың!»				
5.	«Мұғалім зор тұлға» Қайыңсөздік сабағы (10 минут) № 5-САБАҚ «Бейтаныс адамға көмек көрсетуге бола ма»	Сынып сағаты		29.09.2025ж.
2-апта дәйексөзі: «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас!»				
6.	«Жаңу жүргізуші өтпелері» ЖЖЕ №2 /«Даналық ұстадан» челленджі Қайыңсөздік сабағы (10 минут) № 6-САБАҚ «Галактор мен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер»	Сынып сағаты Челлендж		06.10.2025ж.
	АПКО сабағы			
	Ұлдар жиналысы			
	Қыздар жиналысы			
3-апта дәйексөзі: «Отанды сүю – отбасынан басталады!»				
7.	«Буддизмге қорған» Қайыңсөздік сабағы (10 минут) № 7-САБАҚ «Тамақпен эксперимент жасаудың қауіптілігі»	Сынып сағаты		13.10.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Отаным – алтын бесігім!»				
8.	«Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» «Республика» м – мақтанышым!»	Сынып сағаты	А.Абдулсеза	20.10.2025ж.

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) №8-САБАҚ «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»			
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы				
15 қараша – «Ұлттық валюта» – тенге күні				
16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні				
II тоқсан				
1-апта дәйексөзі: «Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым!»				
9.	«Талап, еңбек, терең ой» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 9-САБАҚ «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»	Сынып сағаты	.	03.11.2025ж.
2-апта дәйексөзі: «Тура биле туган жоқ!»				
10.	15 қараша – Ұлттық валюта – тенге күні «Ұлттық валюта-тенге» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 10-САБАҚ «Көшедегі қауіпсіз ойындар	Сынып сағаты	.	10.11.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі»				
11.	«Өнер жан жақтылықта, ал күш бірайтса» (Буддизмнен қорған!, Дос бөлейық!) Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 11-САБАҚ «Шұғылдықриет нөмірлері»	Сынып сағаты		17.11.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Әділетте берік болсаң аяғың таймайды!»				
12.	«Жауапкершілік тәртіптің негізі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 12-САБАҚ «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптіері»	Сынып сағаты	.	24.11.2025ж.
АПКӨ сабағы				

	Ата-ана жиналысы Үлдер жиналысы Қыздар жиналысы			
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы 5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: «Біраігі күшті ел озады»				
13.	«Табиғат-алтын бесік!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 13-САБАҚ «Күпня сөз – сіздің отбасылық пароліңіз»	Сынып сағаты Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау инициативасы		01.12.2025ж.
2-апта дәйексөзі: « Ынтымақ жүрген жерде, ырыс бірге жүреді»				
14.	«Буддингтен қорған!» /«Мектепке барар жол. (Сенің күн сайынғы бағдарың)»ЖЖЕ №3 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 14-САБАҚ « Көшеде қауіпсіздік етті кездестіру»	Сынып сағаты		08.12.2025ж.
3-апта дәйексөзі: «Бірлік болмай, тірлік болмас»				
15.	«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлық» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 15-САБАҚ « Бейтаныс адамға көмек көрсетуге боламыз»	Сынып сағаты		15.12.2025ж.
4-апта дәйексөзі: «Ынтымақ – бұзалмайтын қорған»				
16.	«Бірлік болмай, тірлік болмас» «Жаңа жылдық тарту» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 16-САБАҚ «Ғаламтор мен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер» АПКО сабағы Үлдер жиналысы	Сынып сағаты		22.12.2025ж.

	Қындар жиналысы			
III тоқсан Қаңтар – заң және тәртіп айы				
1 қаңтар – Жаңа жыл				
2-апта дәйексөзі : «Талап бар жерде, тәртіп бар»				
17.	«Досқа адал бол!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 17-САБАҚ «Тамақпен эксперимент жасаудың қауіптілігі»	Сынып сағаты (адалдық сағаты)		12.01.2026ж.
	Ата-ана жиналысы			
3-апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбие бастауы»				
18.	«Сен және мен – біз доспыз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 18-САБАҚ «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»	Сынып сағаты		19.01.2026ж.
4-апта дәйексөздері: «Әділет жолы- адал жол»				
19.	«Әдепті бала – арлы бала» № 19-САБАҚ «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз» АПҚО сабағы Ұлдар жиналысы Қындар жиналысы	Сынып сағаты		26.01.2026ж.
Ақпан – жасампаздық және жанышылдық				
14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні				
Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				
1-апта дәйексөзі: «Жасампаздық – бәрімізге өнеге»				
20.	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» «Балалардың интернеттегі қауіпсіздігі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 20-САБАҚ «Көзіндегі қауіпсіз ойындар»	Сынып сағаты		02.02.2026ж.
2-апта дәйексөзі: «Шығармашыл бала – ойлы бала»				

21.	«Бүленттеп көргенін» <i>Қарулылық сабағы (10 минут)</i> № 21-САБАҚ «Шұғылалықтар нөмірлері»	Сынып сағаты		09.02.2026ж.
3-апта дәйексөзі: «Өнерлі бала - өрге жүзер»				
22.	«Достық пен мейірім азаматтылығын жеңеді»ЖЖЕ №4 <i>Қарулылық сабағы (10 минут)</i> № 22-САБАҚ «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге хабарлау шарты сұрақтары»	Сынып сағаты		16.02.2026ж.
4-апта дәйексөзі: «Жаңашылдық – заман талабы»				
23.	«Интернет қауіпсіздігі» <i>Қарулылық сабағы (10 минут)</i> № 23-САБАҚ «Құпия сөз – сіздің отбасылық пароліңіз» АПКО сабағы Ұлдар жиналысы Қыздар жиналысы	Сынып сағаты		23.02.2026ж.
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы 1 наурыз – Алағыс айту күні 8 наурыз – Халықаралық балалар күні 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі 30 наурыз – Дууласқұпия Жер күні				
1-апта дәйексөзі: «Патриотизм – ата-ананды құрметтей білуің...»(Б.Момышұлы)				
24.	«Алағыс айту – ризмет айту» <i>Қарулылық сабағы (10 минут)</i> №24-САБАҚ «Үйдегі қанаушы өтті ескерту»	Сынып сағаты		02.03.2026ж.
2-апта дәйексөзі: «Тәуелсіздік – тәтті сөз ғана емес, ұлттық жауапкершілік»				
25.	Ата-аналарыңа немесе ақылды қолдау орталығы «Анашыл өміріңе қолдау»	Сынып сағаты		09.03.2026ж.

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 25-САБАҚ «Бейтаныс адамға көмек көрсетуге болмай»			
3-апта дәйексөзі: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады»				
26.	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 26-САБАҚ «Галымтор мен мессенджерлердегі қауіпті сілтемелер» АПКО сабағы	Сынып сағаты		16.03.2026ж.
IV тоқсан Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні 12 сәуір – Ғылым күні 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні 23 сәуір – Ұлттық кітап күні				
1-апта дәйексөзі: «Патриотизмі жоқ халық жаны жоқ тәнмен тең»				
27.	«Кітап – сарқылмас бұлақ» «Қала сыртына шығу» ЖЖЕ №5 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 27-САБАҚ «Тамақпен эксперимент жасаудың қауіптілігі»	Сынып сағаты		06.04.2026ж.
2-апта дәйексөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап» (Абай)				
28.	7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні «Өмірге сәлауатты адам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 28-САБАҚ «Табиғат аясындағы демалысқа қалай дайындалу керек?»	Сынып сағаты		13.04.2026ж.
3-апта дәйексөзі: «Көп еңбек еткенге бақыт басып кеді» (Леопардо ди Винчи)				

29.	«Буддһингтен қорған! Ынтымағымыз жарасса...» <i>Қарғыссыз сабағы (10 минут)</i> №29-САБАҚ «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»	Сынып сағаты		20.04.2026ж.
4-апта дәйексөзі: «Болашағы зор мамандықтар жоқ, тек болашағы зор мамандар бар» 21-25.04.25ж.				
30.	«Ата-әне ысым қызын» № 30-САБАҚ «Көшедегі қауіпсіз ойындар	Сынып сағаты		27.04.2026ж.
Мамыр – біраік және ынтымақ айы 1 мамыр – Қазақстан халықтарының біраігі күні 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні				
1-апта дәйексөзі: «Күннің көзі ортақ, жақсының сөзі ортақ»				
31.	«Буддһингтен қорған!» «Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды» <i>Қарғыссыз сабағы (10 минут)</i> № 32-САБАҚ «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу сценаріі»	Сынып сағаты		04.05.2026ж.
2-апта дәйексөзі: «Бірлік жоқ болса ұйым жоқ, ұйым жоқ болса күнің жоқ»				
32.	«Отбасы құндылығы-отбасы жылуы» <i>Қарғыссыз сабағы (10 минут)</i> № 33-САБАҚ «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу сценаріі» АПСО сабағы Ата-әна жиналысы Ұлдар жиналысы	Сынып сағаты		11.05.2026ж.

	Қыздар жиналысы			
3-апта дәйексіз: Жалғанды ойлап тұрсаң бірлік керек, бірлікті ойлау үшін тірлік керек. (Толас би)				
33.	«Білімім – Отаным!» /«Жол жүргізушілердің көзімен» ЖЖЕ №6 Қауіпсіздік сабағы (10 минут) № 34-САБАҚ «Құпия сөз – сіздің отбасылық пароліңіз»	Сынып сағаты		18.05.2026ж.

Сынып жетекшісі: *Турғашева* *У.Турғашева*